

# Шындық шірімейді

Екібастұз қаласындағы Алланың жердегі үйі есігінің мұсылмандар қауымына айқара ашылғанына да 14 жылдан асып барады. Осы уақыт арасында жергілікті біраз зиялы ақсақалдарымыз мешітімізді «Бәленшенің мешіті» деп атауға екі дүркін күлшына талпыныс жасап, екеуінде де олардың сағы сынғанын көпшілік әлі ұмытқан жоқ. Енді сол сәтсіздікке ұшыраған ұсыныстар хақында әңгіме қозғап көрелік.

1998 жылдан бастап бір жылға жуық «Отарқа» газетінің бетінде белгілі ақын Ғафу Қайырбековтің сөзімен бейнелеп айтқанда «Қазақтың пайғамбары» атанған Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің есімін қаладағы мешітке беру жөнінде сөз болып, ұсыныстар жарияланды. Сонда осы жолдар авторы да «Отарқа» газетінің 1999 жылғы 23 сәуірдегі санында жарық көрген «Мәшекеңе құрмет болса» деген мақаласында көпшіліктің ұсыныстарына қолдау білдірген еді.

Сол кезде мешіт басқармасы көпшіліктің ұсыныс-тілектеріне орай, көтерілген мәселені карауды алқа мәжілісіне тапсырған екен. Кейін «Алқа мәжілісі мешітке ешкімнің есімін бермеу жөнінде шешім қабылдапты» деген сыбысты естідік. Сондағы біздің тағы бір естуімізше, мешітке Мәшһүр Жүсіп есімі берілуіне қарсы болғандар үш ұдай боп бөлінген сыңайлы. Бірінші топтағылар: «Мешітке жеке адамның есімін беруге болмайды» десе, екіншілері: «Мәшһүр Жүсіптің Екібастұз қаласына ешқандай қатысы жоқ, ол бұл жерде болмаған» депті, ал қалған қарсыластар — мешітке осы жерде өмір сүрген бір-екі кісінің есімдерін беруді ұсынған көрінеді.

рын Батгүлденнің қолындағы қалың папкадан көргенім бар. Сонда Батгүлден сол папканы Қазақстан мұсылмандарының Діни басқармасына жіберетінін айтқан еді. Жасыратыны жоқ, сол кезде ұзын құлақтан: «Екібастұздың мешітіне Исабек ишан есімін беру турасында Павлодардағы Мәшһүр Жүсіп атындағы мешіттің имамы Ықыласұлы Жұмабай қажыға Алматыдан мәртебелі Бас мүфти шейх Әбсаттар қажы Дербісәлі қол қойған қағаз келіпті» деген жақсы лепесті де естіген едік. Оны ұзынқұлақ хабарынан кейін қаламыздағы белсенді ақсақалдардың тегеруінді қимылдарын сезген Екібастұз мешітінің имамы Хайролла қажы мешітке Исабек ишанның есімін беру, не бермеу мәселесін карауды мешіттің мәжіліс залына бейберекет жиналған адамдардың талқысына салады. Сондағы жиында туындаған үлкен талас-тартыс ұзын сөздің қысқасы: баяғыда Мәшһүр Жүсіп есімі мешітке берілуіне қарсы болған адамдардың тағы да қарсылық білдірулеріне байланысты «Исабек ишан есімін мешітке беруге болмайды» деген шешім қабылданады.

Рас, көпшілік жұртты ренішті күйге түсірген осы келеңсіз оқиғадан кейін, япыр-ай, сол адамдар Исабек ишанның есімін мешітке беруге неліктен қарсы болды екен? Әлде олар оның кім екенін нақты білмеген шығар деген түйткіл ойда қаласын. Дегенмен, енді Исабек ишанның кім екенін қысқаша айта кетсек артық болмас, ағайын.

Исабек ишан (1792-1871 жж.) — Мұхаммед (с. ғ. с.) пайғамбарымыздың немере інісі, әрі оның үлкен қызы Фатимаға үйленген күйеу баласы Алидің тікелей 45-ші ұрпа-

адам болмысы мен жүрегіне сіңіруге уағыз айтады. Сондай-ақ Исабек ишан да жергілікті халықтың исламды қапысыз ұстануына ықпал етті. Сөйтіп, «мың өліп, мың тірілген» қазақ даласына Исабек ишан сияқты қожалар исламмен бірге сауаттылық әкелгені де шындық.

Бүгінде мемлекетіміздің қоғамдық өмірінде діннің рөлі үлкен маңызға ие. Осыған байланысты мемлекет басшысы Н. Ә. Назарбаев: «Ислам тек дін ғана емес, ол — біздің мәдениетіміз» деп бекер айтпаған. Сондықтан қазақтарда «Әулиелердің уәлилігін жоққа шығару, рухтарына тағзым етпеу және оларға мінажат қылмау — тоғышар адамдарға тән парықсыздық» деген қанатты сөз бар. Ал «Бәленше әулиенің есімі мешітке берілмесін деу, былайша айтқанда, қолға қылыш ұстап, тірі әулиеге тіке ұмтылғанмен пара-пар қылық». Осы арада оқырмандарға мына бір жайтты айтуға болады: қазірде Маңғыстау облысында Бекет ата әулиенің есіміне деген құрмет сезімі әр мұсылман азаматының көкірегіне нық орнағаны өтірік сөз емес, осылай етіп біздер де Мәшһүр Жүсіп пен Исабек ишан әулиелерімізді пір тұтып, басына барып, зиярат етіп, тілек тілеуіміз керек. Осы айтқанымызға мысал ретінде Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, маңғыстаулық ақын Сайын Назарбекұлының шығармасынан мына бір өлең жолдарын келтіре кетейік: «Әулием деп жалынады адайлар, табынғаны, сүйіктісі — бір Бекет». Осы жерде айта кетсек, соңғы жылдары Ертіс — Баянаула өңірінде қасиетті әулие Исабек ишан атаға да тәу етуге баратын зияратшылар легі көбейіп келеді. Сондықтан, бұ-

лодар облысындағы меншікті тілшісі Фариды Бықай және осы жолдар авторымен үшеу болып облыстық Әділет басқармасына бардық. Сонда басқарма бастығына келген мән-жайымызды айтқанда ол: «Бұл мәселемен Жұмабай қажы бізге келген жоқ», — деді. Сонда оның бізге айтқан түсіндірмесі бойынша бір қалада әр басқа саладағы мекемелерге бір кісінің есімін беруге болса, ал бір саладағы екі мекемеге бір кісінің есімін беруге болмайды екен. Анығырақ айтар болсақ, Екібастұз қаласында Абай атында көше бар, ал осындағы екінші көшеге Абай есімін беруге болмайды. Сөйтіп, Екібастұз мешітіне Исабек ишан есімін беру заңға қайшы келмейтін болып шықты.

Осы жаңалықты Екібастұз мешітінің имамы Хайролла қажыға айтқаныма, ол сонда тұрып: «Биыл біздің мешіттің ашылғанына 10 жыл болады, соны атап өту жиынында мешітке Исабек атамның есімі беріледі», — деп айтқан болатынды. Алайда, ақыры бұл сөз де бос сөз болды. Сонымен, не керек демекші, Жұмабай қажыға тағы да жолығуға тура келді. Сәті түскен күні Павлодарға барғанымда Жұмабай қажының орнына жанадан тұрған имам болмағандықтан наиб-имамның қабылдауында болдым. Оған Исабек ишан есімін Екібастұз мешітіне беру жайын сөз қылғанымда, ол: «Екібастұз мешітінің имамы бізге осы мәселе жөнінде өтініш жіберсін. Сосын бұл мәселе тағы да Бас мүфтидің қарауына жіберіледі», — дегенді айтты.

Наиб-имамның маған айтқан сөзін Екібастұз мешітінің имамы Әбілхан қажыға жеткізгенімде, ол отырған орнынан ұшып түрегеліп: «Ой, аға! Ол кісінің атын атаманыз, ондай өті-

Осы жерде алқа мәжілісінде Мәшһүр Жүсіп есімін мешітке беруге қарсы болған адамдардың бәтуасыз, дәйегі жоқ сөздеріне уәжді тұжырым айтпай кетуге болмайды. Сонымен, тарихқа көз жүгіртсек, мұсылман елдері әлемінде мешітке жеке адамның есімін беру ерте заманнан бар дәстүр екенін және ол адамның мешіт салынған жерде бұрын тұруы шарт еместігін білеміз. Мысалы, Стамбулда Ахмет Сұлтан, Мысырда Аз-Заһир Бейбарыс пен Хасен сұлтан, Астанада Әзірет сұлтан, Павлодарда Бижан қажы мен Жеті ағайын, Таразда Ибатулла Тарази, Екібастұз әкімдігіне қарасты Құлақөл ауылында Әшім ата мешіттері бар. Он сегіз мың ғаламның жаратушысы Алланың республикамыздағы бүгінгі 2228 жердегі үйлерінің көпшілігі белгілі, атақты адамдардың есімімен аталады.

Павлодарда жаңа салынған мешітке Мәшһүр Жүсіп есімі берілгеннен кейін Екібастұздағы мешітке Исабек ишанның есімін беру жөнінде қаламыздағы беделді ақсақалдар тобы сөз қозғағаны белгілі. Алайда, бұрынғы ұсыныстан заразап болып қалған ақсақалдарымыз ақылдасып, бұл жолы «Екібастұздағы мешітке Исабек ишан есімі берілуін қолдаймыз» деген қағазға көпшіліктің қолдарын қойғызып алу керек деген шешімге келеді. Содан кейін Ақтоғай ауданындағы Басқамыс ауылының тұрғыны, зейнеткер Зейнуллин Батгүлденнің басшылығымен қоғам жұмысына белсенді ақсақалдарымыз аз уақыттың ішінде арнайы қағазға алты мыңнан астам мұсылмандардың қолын қойғызып алады. Сол қол қойғандардың ішінде қазіргі облыс әкімі Ерлан Арынның да қолы ба-

ғы. Осы Алидің арабша айтқандағы ата-тегі: Али ибн Абу-Талиб ибн Абд аль-Мутталиб. Алиді қазақтар Әзірет Әлі дейді. Ол ислам әлемінің 656-661 жылдары төртінші халифы болған. Тағы бір дерек: Исабек ишан Әзірет Әлінің ислам әлеміне кеңінен танымал жетінші ұрпағы Абд ул-Жалил бабтың (Хорасан атаның) 38-ші ұрпағы. Исабек ишан XIX ғасырдың басында Баянаула өңірінде ислам дінін орнықтыруға Сыр бойындағы Қаратаудан алғашқы келген қожалардың бірі Мұрат ишанның Смаил, Мұхаммеднияз, Смағұл (осы жолдар авторының тікелей нағашысы) деген балаларынан кейінгі кенжесі.

Исабек ишан Баянаулада Сүйіндік пен Қаржас руларының, кейін Ақкөл-Жайылмадағы Қанжығалы руының пірі болған. Ол осы жерде Алланың досы болып, халықты ислам іліміне сусындатқан, әрі әулиелік мақам, ишан дәрежесіне жеткен қасиетті тұлға. Исабек ишан мұсылмандардың ұлық бабасы Әзіреті Әлі мен оның атақты, дарынды да дана ұрпағы Абд ул-Жалил баб-Хорасан атаның ұрпағы болғандықтан және Алла тағала өзіне ерекше артық қасиеттерді дарытқан пендеге жатады.

Жалпы, қазақ жерінде қанша әулиелі жер бар, сол жердің бәрінде ислам берекесі болатыны белгілі. Себебі, қайсы әулие болсын арақ ішпеуге, зина қылмауға, зұлымдық істемеуге, ғайбат айтпауға, ұрлық жасамауға, жеккөрушілік, менмендік пен қатыгездік, тәкаппарлық сынды дертті мінез-құлықтарды жойып, бауырмалдыққа, әділдікке, шыншылдыққа, сабырлық пен кеңпейілділікке, сүйіспеншілік пен рахымдыққа шақырып, т. б. діни құндылықтарды

түгінгі күні әулиеміздің есімін Екібастұз мешітіне беру жөніндегі тілек білдірушілер саны да аз емес. Оған мысал ретінде 2011 жылы Павлодарда басылып шыққан «Исабек ишан» деген 384 беттік кітаптағы үш еңбек ардагерінің мақалаларынан мынадай үзінділер: «... ел-жұрт бірнеше рет баспа бетінде жазып сұраса да Екібастұз мешітіне Исабек ишан атын беру оң шешімін таппай тұр» (Құдайберген Сүлейменов), «Екібастұз қаласындағы мешітке Исабек ишанның атын берсе екен деген талап, тілектер «Сарыарқа самалы» газетінің бірнеше сандарында жарық көрді» (Қалдыбай Қожанов), «... ғұлама бабамыз Исабек ишан атын Екібастұз қаласының орталық мешітіне беру жөніндегі жазған ауыл, қала тұрғындарының тілегін жөн деп санаймын» (Қажыбек Алғамбарұлы).

Бірде Павлодардағы Орталық мешіттің имамы Ықыласұлы Жұмабай қажыға жолығып, одан Екібастұз мешітіне не себептен Исабек ишан есімі берілмей жүргенін сұрадым. Сонда ол: «Бізге Бас мүфтидің сіздердің мешітке Исабек ишан есімі берілісін деген қағаз келген. Сол қағазды облыстық Әділет басқармасына тіркеуге барғанымда ондағы басшылар Исабек ишан атында Ақкөл аулында мешіт барын айтып, бір кісінің есімін екі мешітке беруге болмайды. Сондықтан біздің қағазды тіркеуге алмады», — деп маған түсінік берді.

Мұнан кейін Жұмабай қажының маған берген түсіндірмесіне қарамастан оның сөзінің дұрыстығын анықтау мақсатымен Ақтоғай ауданындағы Жандарбек жожа атындағы мешіттің имамы Ахметолла қажы, «Егемен Қазақстан» газетінің Пав-

ніш қағазды мен Павлодарға жібере алмаймын», — демесі бар ма. Сонда «енді имам әулиенің атын естісе де шошитын болған ба?» деген оймен мына кереметке таң-тамаша боп, не айтарымды білмей, аузымды ашқан күйім тұрып қалыппын. Осыдан кейін қалайша «барар жер, басар тау қалмағаны ма?» деп айтпасқа.

Қадірлі оқырмандар! Ашығын айтсақ, бұл мақалада жоғарыда айтылғандай бір мешітке атау беруге байланысты екі ұсыныстың қолдау таппаған фактісі (салдары) ғана әңгіме болды. Ал оның солай болуына әсер еткен нақты себеп белгісіз қалды. Десек те, сол себепті анықтау, біріншіден, осы жолдар авторының міндеті емес, екіншіден, ол себепті анықтау үшін арнайы тексеру жүргізетін кісінің заңды құқы болуы керек. Әйтсе де, бізге сол белгісіз қалған себеп — шындық қандайлық жұмбақ тастың астында жатса да, біздіңше айтқанда, бәрібір алдағы 10 жылдың соңына дейін шірімей сыртқа шығатыны сөзсіз.

Енді сөзімізді түйіндесек, ұзын арқау, кең тұсаумен жүре бермей, «ештен кеш жақсы» деп, Бас мүфтидің бұрынғы берген рұқсат қағазын негізге алып, Исабек ишан әулиенің аруағын риясыз сыйлайтын болсақ, Екібастұз мешітіне «Әулие Исабек ишан мешіті» деген атау берілгені жөн, ағайын. Мұны Павлодар облысының барша мұсылмандар жұртының құптары анық. Өйткені, әулие — бәрімізге ортақ.

**Серік Жақсыбаев,  
Екібастұз шаһарының  
күрметті азаматы,**

**КСРО Журналистер одағының мүшесі**